

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Қазақ баспасөзінің тарихы

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.03.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/150784/

Тамыры тереңге жайылған тарихымызды тәуелсіздік алған жылдарға дейін бұрмаланған нұсқада оқып келгеніміз бәрімізге аян. Халықтың жағдайын ашық баяндауға тырысқандардың тағдыры тартысқа толы болып көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Сондықтан баспа беттерінде халықтың жағдайы толық әрі ашық түрде баяндалмады. Әрине бұл болған жайтқа сол кездегі күрделі саясат ықпал етті. Десек те, халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап шығар азаматтардың қолдары жіпсіз байланғаны қынжылтады.

Публицистердің мақалалары басылым беттеріне бүркеншік атпен жарияланып жүрді. 1917-1919 жылдар аралығындағы қара халықтың тыныс-тіршілігі газет-журналдарда ашық түрде жарияланбаса да сол заманның көптеген ақын-жазушылары өз шығармаларына арқау етті. Мысалы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуіндегі» Мәліметтерге қарасақ сол азамат соғысы жылдарындағы қын-қыстау кезеңді жеткізетін «Тіршілік» газетінде саяси тағырыптар көптеп қозғалды. Бұдан әрі «Қазақ мұңы», «Заря свободы», «Жетісу ісші халық мүһбірі», «Көмек», «Голос семиречья», «Правда», «Ұшқын» сынды газеттер бірінен соң бірі шығып, елдің жағдайын жариялай бастады. Алайда, халықтың жағдайы басылымға шығуға мақалалар арқылы шешіле қоймады. Газеттерді шығаруға қаражаттың

жетіспеушілігі де кездесті. Оларды жариялау үшін демеушілер тауып, халыққа тегін таратылғандары да болды. Нақтырақ айтсам, «Көмек» газетінің алғашқы нөмірі (1500 дана) халыққа тегін таратылды. Бұл газет бұрынғыларына қарағанда идеологиясы жоғары және анағұрлым сапалы болды. Басылымдар тек қазақ тілінде емес, татар, ұйғыр тілдерінде де шығарылып тұрды. Кейін келе «Ұшқын» атты жаңа газет ел арасында жарияланды. Жоғарыда аталған екі газет біртектес болды. Қандайда бір маңызды мақалалар екі газетте де бірдей жарияланып отырды. Бұл газеттерде негізінен ауыл шаруашылығы мен өндіріс туралы тақырыптар көтерілді. Зер салып қарасақ газеттердің ізін суытпай бірінен соң бірі шығып отырғанын байқаймыз. демек, газеттер бір-бірінің жалғасы ретінде шығарылған.

Халқымыз көптеген қиындыққа ұшыраса да жазуын ешқашан тоқтатпаған. Бұның барлығы ұлтымыздың сауаттылығы мен саналы ұрпақтың өсіп-жетілуі үшін жасалған ерлік. Қараңғы қазақтың көзін ашып маңызды мәселелерді көтере білген публицистердің аты ешқашан өшпейді. Бұл тұлғалар өз жазбаларының арқысында ұрпаққа өз қолтаңбаларын қалдыра алды.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.